



Автор: Нұркебаева Қарлығаш Андрейқызы
Пән: Дүниетану. Тарих компоненті
Сынып: 1-сынып
Бөлім: Менің мектебім
Тақырып: Мектепке баратын жол

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.1.4.4 жолда жүру тәртібін, жаяу жүргіншілердің қозғалысын реттейтін жол белгілерінің мәнін түсіндіру
Сабақтың мақсаты:	• Барлық оқушылар:Жолда жүру тәртібін,жаяу жүргіншілердің қозғалысын реттейтін жол белгілерінің мәнін біледі,түсінеді. • Көптеген оқушылар:Жол белгілерін басқа белгілермен салыстырады,күнелікті өмірде қолданады. • Кейбір оқушылар:Жол ережесін құрады,
Тілдік мақсаттар:	қауіпсіздік – безопасность – safety; жаяу жүргінші – пешеход – pedestrian; бағдаршам – светофор – traffic light.
Күтілетін нәтиже:	олда жүру ережесін біледі
Бағалау критерийлері:	Жолда жүру тәртібін біледі,жол белгілерін ажыратады -жолда жүру ережесін құрады,қолданады
Құндылықтарды дарыту:	Мектепке деген сүйіспеншілігін қалыптастыру,мұғалімді құрметтеуге баулу,
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Слайдтар,видеокөрсетілім www.youtube.com (жолда жүру әліппесі))
Пәнаралық байланыс:	өзін-өзі тану,көркем еңбек,жаратылыстану
Бастапқы білім:	Мен және менің мектебім

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Оқушыларды көлік түрлеріне қарай топқа бөлу Пазл құрастыру арқылы топқа бірігеді. 1-топ:жүк көлігі 2-топ:жеңіл мәшине 3-топ:қызметтік мәшине -Осы көліктерді қайдан кездестіреміз? (Оқушы ойы тыңдалады) Олай болса оқушылар,көліктер де адамдар да жол ережесіне бағынады. - Жол ережесін реттеп тұратын не? -Бағдаршам Психологиялық дайындық Жолды кесіп өтуге мен қамдансам, Қиылыста қарсы алады бағдаршам. Менікіндей екеу емес, үш көзді, Әр көзінің түсі бөлек, аңғарсаң.	
Сабақтың ортасы (20-минут)	Видеокөрсетілім «Жолда жүру әліппесі» -Бағдаршам не үшін керек? -Жол ережесін сақтау үшін -Жол ережесін сақтамасақ не болуы мүмкін? -Тағы қандай жол белгілерін білесіңдер? 1-тапсырма «Кір жайғыш жіп» әдісі (ұжымдық жұмыс) (жолақ жол,жаяу жүргіншілер жолы,жер асты жолы,ескерту белгілері) «Сәйкестендіру тесті» «Quizlet» бағдарламасы арқылы SMART оқытуды қолданамын (Жол белгілері мен атауларын сәйкестендіреді.) 2-тапсырма Саралау әдісі арқылы барлық оқушыны қамтимын. Зерттеушілік тапсырма (топтық жұмыс) 1-топ Жолда жүру ережесіне сүйеніп , мектепке баратын жолында қандай жол белгілері кездесетінін атайды . (Оқушылар сызба арқылы мектепке баратын жолда өмір қауіпсіздігін сақтау жолдарын түсіндіреді,ереже құрады 2-топ:Дұрыс суретті табады.(өз ережелерін қорғайды) 3-топ: -Мектепке дейін қандай жол белгілерінен өтесіздер? (Әр оқушы мектепке дейін қандай жол белгілерінен өтеді сипаттап айтады,белгілерді салады) Бұл сенің бағытың - Жол ережесін сақтау не үшін керек? - Өмір қауіпсіздігін сақтау үшін.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (5минут)	"Мылқау сурет" әдісі	
Рефлексия (5 мсинут)	Қалыптастырушы бағалау арқылы бағалау Қ.Б«Сәйкестендіру тесті» әдісі Дескриптор -Жол белгілерін атайды -Жол белгілері мен атауларын сәйкестендіреді Қ.Б «Бес қадам» әдісі арқылы Дескриптор -Мектепке баратын жолының бағытын сызады -Жолда жүру ережесін құрады. - Макетін құрастырады Қалыптастырушы бағалау арқылы оқушылардың қай тұста тұрғанын анықтаймын.Оқушы қажеттіліктеріне қарай өзгертіп отырамын.	